



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

3-дендейдегі СМЖ
құжаты

2017 жылғы « 27 » 02
№1 басылым

Е. 029.03-17.01.01-2017

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-ға

2017-2018 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау туралы

ЕРЕЖЕ

Е 029.03-17.01.01-2017

Алматы 2017

АЛҒЫСӨЗ

1 КЕАҚ «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Жинақтау - талдау департаменті және КЕАҚ «Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Біріккен Ғылыми кеңесінің отырысында 27.02.17 ж. № 2 хаттамамен бекітіліп. **ӘЗІРЛЕНГЕН**

Жинақтау талдау

департаментінің директоры

« 13 » 02 2017 ж.

 Ж. Ахметова

2 КЕЛІСІЛДІ

Академиялық жұмыс

жөніндегі проректор

« 24 » 02 2017 ж.

 Р. Исаков

Тіркеу кеңесінің директорының

орынбасары


« 21 » 02 2017 ж.

 А.Рахимова

Корпоративтік даму жөніндегі

департаментінің директоры

« 16 » 02 2017 ж.

 Ж. Файзуллаева

Қабылдау комиссиясының

жауапты хатшысы

« 21 » 02 2017 ж.

 Б. Калиев

Лицензиялау, сертификаттау және

білім беру сапасын бақылау

басқармасының бастығы

« 16 » 02 2017 ж.

 А. Сауранбаева

Заңмен қамтамасыз ету

бөлімінің бастығы

« 15 » 02 2017 ж.

 Д. Кульджанова

Мемлекеттік тілді дамыту

бөлімінің бастығы

« 24 » 02 2017ж.

 Ж.Орақбаева

3 КЕАҚ «Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Біріккен Ғылыми кеңесінің отырысында 27.02.17 ж. № 2 хаттамамен **БЕКІТІЛГЕН**

4 Алғашқы рет ЕНГІЗІЛДІ

КЕАҚ «Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Біріккен Ғылыми кеңесінің отырысында 27.02.17 ж. № 2 хаттамамен **БЕКІТІЛГЕН**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	4
2 Нормативтік сілтемелер	8
3 Кешенді тестілеуді өткізу	8
4 Білім беру грантын беру тәртібі	11
5 Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-ға оқуға қабылдау	12
Өзгерістерді тіркеу парағы	19

1 Жалпы ережелер

1.1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі - ҚазҰТЗУ немесе Университет):

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын 4-бабының 25) тармақшасы;

- Жоғары білім ақысын төлеу үшін білім беру грантын беру қағидалары туралы 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 (2016 жылғы 14 шілдедегі № 405 еңгізілген өзгерістерді ескере отырып) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қауылысы негізінде әзірленген.

1.2 Ереже университетке бакалавриат мамандықтары бойынша азаматтарды қабылдау тәртібін анықтайды.

1.3 ҚазҰТЗУ – ға негізгі орта (жалпы орта), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі), жоғары (жоғары кәсіптік) білім бар тұлғалар қабылданады.

1.4 ҚазҰТЗУ – ға түсетін тұлғаларды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын білім беру гранты орналастыру арқылы, сондай-ақ оқуға төлеу ақысы өз қаражаты есебінен және басқа да көздер арқылы жүзеге асырылады.

1.5 Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдарға, егер олар осы деңгейдегі білімді бірінші рет алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығы беріледі. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

1.6 ҚазҰТЗУ – ға түсуші тұлғаларды қабылдау конкурстық негізінде олардың өтініштері бойынша, ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) немесе талапкерлердің кешенді тестілеу нәтижелері бойынша немесе берілген ішке емтихандар сертификат негізінде (түлектердің дербес білім беру ұйымдары «Назарбаев Зияткерлік мектептері» - НМЗ) жүзеге асырылады.

1.7 ҰБТ ағымдағы жылы негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген білім беру ұйымдарының бітірушілері, сондай-ақ қазақ және орыс емес тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің бітірушілері үшін өткізіледі.

1.8 Кешенді тестілеу өткен жылдардығы негізгі орта (жалпы орта) білім беру ұйымдарының бітірушілері, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері, халықаралық оқушылар алмасу желісі бойынша шетелде оқыған жалпы білім беретін мектеп бітірушілері, сондай-ақ оқу орнын шетелде бітірген түлектер үшін өткізіледі.

1.9 Үлгілік қағидалардың 64-тармағында белгіленген шекті балды алмаған ҰБТ қатысушылары, нәтижелері жойылған қатысушылар және ҰБТ-ға қатыспаған талапкерлер үшін жоғары оқу орнына ақылы негізде түсу үшін ҰБТ қайта өткізіледі.

1.10 Үлгілік қағидалардың 64-тармағында белгіленген шекті балды алмаған кешенді тестілеудің қатысушылары, нәтижелері жойылған қатысушылар және кешенді тестілеуге қатыспаған талапкерлер үшін жоғары оқу орнына ақылы негізде түсу үшін кешенді тестілеу қайта өткізіледі.

1.11 Үлгілік қағидалардың 1.7 және 1.8-тармақтарында көзделген ҰБТ немесе кешенді тестілеу нәтижелері бойынша Үлгілік қағидалардың 5.3 немесе 5.4-тармағында белгіленген шекті балды алмаған талапкерлер жоғары оқу орындарына күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

Бұл талапкерлер үшін жоғары оқу орнында білім алудың бірінші академиялық кезеңі аяқталғаннан кейін ҰБТ немесе кешенді тестілеу қайта өткізіледі. Осы ҰБТ немесе кешенді тестілеудің қорытындылары бойынша Үлгілік қағидалардың 4.6 және 4.7 тармағында белгіленген шекті балды алмаған адамдар жоғары оқу орнынан шығарылуға тиіс.

1.12 ҚазҰТЗУ-ға оқуға түсуші талапкерлерді қабылдау ақылы негізде орта 12-жылдық білім беру (НЗМ), қысқартылған мерзімде оқыту (3 жыл оқу) университеттің қабылдау комиссиясымен ҰБТ сертификаты негізінде жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (колледж) білімі бар адамдарды ҚазҰТЗУ-ға ақылы негізде жеделдетілген оқыту мерзімінде қысқартылған (3 жыл оқу) білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға оқуға қабылдау кешенді тестілеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Ұқсас мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді. Жоғары білімі бар адамдарды ҚазҰТЗУ-ға ақылы негізде қысқартылған мерзімге (2 жыл оқу) оқуға қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясымен әңгімелесу негізінде жүзеге асырады.

1.13 Шетел азаматтарын ақылы негізде ҚазҰТЗУ-ға қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

1.14 ҚазҰТЗУ Ережелеріне сәйкес "Шығармашылық емтихан туралы" қабылдау комиссиясы өткізетін шығармашылық емтихан (сурет және сызу) шығармашылық мамандықтарға қабылдау (5B042000 –Сәулет және 5B042100 – Дизайн) ескере отырып жүзеге асырылады. Педагогикалық немесе шығармашылық мамандықтарға түсетін адамдар жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына негізгі орта (жалпы орта) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатын (төлнұсқа), 3x4 көлеміндегі екі фотосуретін, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификатын (бар болса) тапсырады. Шығармашылық мамандықтарға түсетін негізгі орта (жалпы орта) білім беру ұйымдарының бітірушілері

немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін: Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) тестілеу бөлімі бойынша баллдар ескеріледі.

Шығармашылық мамандықтарға жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтармен түсушілер үшін бейіндік пән бойынша баллдар ескеріледі. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау өздері таңдаған ҚазҰТЗУ-дың орналасқан мекен-жайы бойынша 20 маусым мен 7 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

1.15 Негізгі орта (жалпы орта) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші талапкерлер жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер бір шығармашылық емтихан тапсырады.

1.16 Педагогикалық мамандықтарға 5B012000-Кәсіптік оқыту, түсу кезіндегі арнаулы емтихан оқуға түсушілердің педагогикалық қызметке бейімділігін айқындауға бағытталған.

1.17 Педагогикалық мамандықтарға түсу үшін оқуға түсушілерден өтініштер қабылдау және арнаулы емтихан өткізу университетте 20 маусым мен 18 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

1.18 Педагогикалық мамандықтарға түсуші талапкерлер университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнаулы емтихан (педагогикалық жағдайлардағы шешім) тапсырады.

Педагогикалық мамандықтарға түсуші талапкерлер үшін 1-бөлімнің – Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі); 2-бөлімнің – екі бейіндік пәннің баллдары ескеріледі.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші адамдар үшін 1-бөлімнің – жалпы бейіндік пән; 2-бөлімнің – бір бейіндік пәннің баллдары ескеріледі.

1.19 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Университет Ректорының бұйрығымен емтиханды өткізу кезеңіне комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

1.20 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссия төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

1.21 Оқуға түсуші арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

1.22 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер қабылдау рәсімі көрсетіледі.

1.23 Негізгі орта (жалпы орта) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 40 баллдық жүйе бойынша бағаланады.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 баллдық жүйе бойынша бағаланады.

Педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін арнайы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деп бағаланады.

1.24 Шығармашылық емтихан бойынша 15-тен төмен (негізгі орта (жалпы орта) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі құжаттары бар адамдар) немесе 5-тен төмен балл алған (жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші адамдар), немесе емтиханға келмеген адамдар осы мамандыққа түсу үшін кешенді тестілеуге және мемлекеттік білім тапсырысын (білім беру грантын) беру конкурсына қатысуға жіберілмейді.

1.25 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомостарымен, арнайы емтихан – жіберу ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен рәсімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

1.26 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

1.27 Арнайы емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге қабылдану орны бойынша жоғары оқу орнына ұсыну үшін ведомстан көшірме беріледі.

1.28 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша даулы мәселелерді шешу мен талаптарды сақтауды қамтамасыз ету, емтихан өткізілетін кезеңде арнайы және шығармашылық емтихан

тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Университет Ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады.

1.29 Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына арнайы немесе шығармашылық емтиханды тапсырушы адам өзі тапсырады. Өтініштер арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

1.30 Апелляциялық комиссияның шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса, заңды деп есептеледі. Арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

1.31 ҚазҰТЗУ күнтізбелік бес күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті орынға еркін түрде арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

2 Нормативтік сілтемелер

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ «Білім туралы» Заңы;
- Білім беру грантын беру ережесін жоғары білім алуға ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 қаңтардағы 2008 жылғы № 58 (енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 14 шілде 2016 жылғы № 405) қаулысымен бекітілген;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, оның ішінде, білім және ғылым Министрлігінің Қазақстан Республикасы нормативтік және нұсқамалық құжаттары;
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қазандағы №602 бұйрығымен бекітілген Қ.И. Сәтбаев атындағы «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Жарғысын;
- КЕАҚ «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Біріккен Ғылыми кеңесінің шешімі;
- 2016 жылғы 22 желтоқсаннан жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдауға үлгі қағидалар ережесі өзгерістер енгізу туралы.

3 Кешенді тестілеуді өткізу

3.1 Кешенді тестілеу тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін ҚазҰТЗУ тест өткізу пункттерінде өткізіледі.

3.2 Жергілікті жерде ұйымдастыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және тәртіпті сақтау үшін білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша жоғары оқу орындарына түсетін түлектерді кешенді тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиялар (бұдан әрі – мемлекеттік комиссия) құрылады.

3.3 Университетке кешенді тестілеуді өткізу технологиясының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін тест өткізу пункттеріне білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілдері жіберіледі.

3.4 Кешенді тестілеуге қатысу үшін оқуға түсуші университеттің қабылдау комиссиясына тест өткізу пункттеріне:

- белгіленген үлгідегі бланкіде өтінішті;
- аттестат немесе жалпы орта білім беру бітіргені туралы диплом (жалпы орта), техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білім (түпнұсқа);

- тестілеуді өткізу үшін ақы төлегені туралы түбіртек;

- 3x4 көлеміндегі екі фотосуретті;

- 086-У нысаны бойынша медициналық анықтама (флюорография нәтижесімен);

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының ағымдағы жылы бітірушілері білім беру ұйымынан мамандықтың коды және атауы көрсетілген оның ұқсас екенін растайтын анықтаманы қоса ұсынады.

3.5 Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдауды (былтырғы жылғы мектеп бітірген түлектер) 2017 жылдың 1 – 20 маусым аралығында ҚазҰТЗУ қабылдау комиссиялары жүргізеді.

3.6 Кешенді тестілеу техникалық және кәсіптік білім бітірушілері үшін 2017 жылдың 17 – 23 шілде аралығында өткізіледі. Тестілеуді қайта тапсыруға жол берілмейді.

3.7 Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін кешенді тестілеуге 1 сағат 40 минут беріледі.

3.8 Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін кешенді тестілеу оқуға түсушілердің қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде екі бөлім бойынша өткізіледі:

- 1) 1-бөлім – жалпы бейіндік пән (20 тапсырма);

2) 2-бөлім – бір бейіндік пән (40 тапсырма).

Әрбір бес жауаптан бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмасы – 1 баллмен, көптеген ұсынылған дұрыс жауаптардан бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бары 2 баллмен бағаланады.

3.9 Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші талапкерлер үшін кешенді тестілеу бойынша ең жоғары балл – 120.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін кешенді тестілеу бойынша ең жоғары балл – 70.

Өту баллы: жалпы пән бойынша – 20-дан 10 балл;

Бейіндік пән бойынша – 50-ден 25 балл

3.10 Кешенді тестілеу таңдау бойынша және бейінді мамандықтардың пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесі бойынша саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

3.11 Кешенді тестілеу талапкерлер үшін техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік) білім беру ұйымдарының көлемінде жүргізіледі оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік) білім беру бойынша міндетті пәндер: жалпы тәртібі (әдетте, техникалық мамандықтар үшін математика немесе физика) және бейіндік пән тектес мамандық.

3.12 Білім министрлігінің сайтында мамандықтар тізбесі пәндер көрсетілген таңдау пәндері мен бейінді пәннен ҰБТ және кешенді тестілеу саласындағы уәкілетті орган бекітіледі.

3.13 Кешенді тестілеу нәтижелерін өңдеу кешенді тестілеу өткізілген университетте жүзеге асырады.

3.14 Дұрыс жауаптардың коды тестілеу нәтижелерін өңдеу аяқталғаннан кейін ілінеді.

3.15 Кешенді тестілеу нәтижелерін мемлекеттік комиссия тестілеу өткізілген күні жариялайды.

3.16 Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша әрбір тестілеуге қатысушыға белгіленген үлгідегі сертификат толтырылады, оны мемлекеттік комиссия тестілеу өткеннен кейінгі күнтізбелік үш күн ішінде береді.

3.17 Тест тапсырмаларын бағалау кезінде бірыңғай талаптардың сақталуы және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, ҰБТ және кешенді тестілеуге қатысушылардың құқығын қорғау мақсатында тестілеу өткізу кезеңінде білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын апелляцияны қарау жөніндегі Республикалық комиссия (бұдан әрі – Республикалық апелляциялық комиссия) және апелляциялық комиссия ҚазҰТЗУ-да құрылады.

Апелляциялық комиссия кешенді тестілеудің нәтижелерімен және (немесе) тест тапсырмаларының мазмұнымен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады.

Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

3.18 ҚазҰТЗУ-да құрылатын апелляциялық комиссияның төрағасын оның мүшелерінің арасынан білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді, ал оның құрамын кешенді тестілеуді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы бекітеді.

3.19 Апелляциялық комиссия тестілеуге қатысушылардан тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептер бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды, республикалық апелляциялық комиссияға адамға баллдар қосу туралы ұсыныс енгізеді және оны апелляцияның қорытындысы туралы хабардар етеді.

3.20 Апелляцияға берілетін өтінішті тестілеуге қатысушының өзі апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептер бойынша өтініштер кешенді тестілеу нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия оларды бір күн ішінде қарайды. Өтініш берушінің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты, тестілеуге жіберу рұқсаттамасы болуы керек.

Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Егер апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

Апелляциялық комиссияның жұмысын апелляциялық комиссияның төрағасы басқарады.

3.21 Тестілеудің нәтижесімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамамен ресімделеді.

3.22 Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссияның адамға баллдар қосу туралы ұсынысының негізділігін қарайды және нақты шешім қабылдайды.

Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

4 Білім беру грантын беру тәртібі

4.1 Білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсты білім саласындағы уәкілетті орган құратын Комиссия өткізеді.

4.2 Білім беру грантын иелену конкурстық негізінде талапкерлердің өтініш білдерген нақты мамандықтар, тіл бөлімдері мен оқу нысандары бойынша мамандықтар кезектілігіне сай білім беру грантын беру туралы

куәлікті берумен қоса ҰБТ немесе кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша сертификат баллдарының нәтижесіне сәйкес жүргізіледі. Білім беру грантын иелену конкурсына қатысу үшін орта кәсіптік оқу орындарының (колледж) бітірушілері ҚР БЖҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптері мен мамандықтарының жіктеуіштеріне сәйкес тек ұқсас мамандықтарды көрсете алады.

4.3 Білім беру гранттарын беру конкурсына қатысу үшін азамат университеттің қабылдау комиссиясына келісі құжаттарды:

- белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш;
- білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- Ұлттық бірыңғай немесе Кешенді тестілеудің сертификаты;
- 3×4 көлеміндегі екі фотосурет;
- 086-У нысаны бойынша медициналық анықтама;
- білім беру грантын алуға басым құқығын растайтын құжат (болған жағдайда);

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

Білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысу үшін азамат өтініште өзі таңдаған мамандық пен жоғары оқу орнын көрсетеді.

Таңдау бойынша пәндер сәйкес келген жағдайда азамат төрт мамандықты көрсете алады.

Білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін өтініштер 23-31 шілде кезеңінде қабылданады.

4.4 Шет тілінде берілген құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

4.5 Бірінші және екінші топтағы мүгедек азаматтар, мүгедек балалар, сондай-ақ бала кезден мүгедектер жоғары оқу орнының қабылдаукомиссиясына таңдаған мамандығы бойынша оқу үшін теріс көрсеткіштің жоқтығы туралы медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) қорытындысын ұсынады.

4.6 Конкурсқа қатысу үшін кемінде 140-тан 85, оның ішінде міндетті пәндер (математикалық сауаттылығы, оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы) бойынша кемінде 60-тан 40, бірақ әрбір пән бойынша 10 баллдан кем болмауы қажет.

4.7 Конкурсқа қатысу үшін орта кәсіптік оқу орындарының бітірушілері 70-тен кемінде 45, оның ішінде бейінді пән бойынша кемінде 50-ден 35 балл жинауы қажет.

4.8 Шығармашылық мамандықтарды таңдаған талапкерлер білім беру грантын алу конкурсына бір мамандық бойынша қатысады және тек шығармашылық емтихан тапсырған жоғары оқу орнын ғана көрсетеді.

4.9 Білім беру гранты иегерлерінің тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Білім беру грантын иеленуші өзі одан бас тартқан жағдайда, білім беру грантын беру туралы куәліктің білім беру

саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен күші жойылады. Бұл үшін гранттан бас тартушы ҚР білім және ғылым Министрінің (БЖҒМ) атына бас тарту себептерін көрсете отырып өтініш жазады. ҚазҰТЗУ қабылдау комиссиясы өтініштің түпнұсқасына қоса грант беру куәлігін ҚР БЖҒМ жібереді. Аталған мамандық бойынша босаған мемлекеттік білім гранты басқа азаматтарға ҚР БЖҒМ Комиссиясымен конкурстық негізде беріледі.

4.10 Білім беру грантын беру туралы куәлікті университеттің қабылдау комиссиялары азаматтардың конкурсқа қатысу үшін тапсырған құжаттарымен бірге 2017 жылдың 15 тамыздан кешіктірмей береді.

5 Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-ға оқуға қабылдау

5.1 Студент қатарына қабылдауды Университеттің Қабылдау комиссиясы **2017 жылғы 10 тамызбен 2 қыркүйек аралығында** өткізеді. Қабылдау комиссиясына өтінішпен қоса мынадай құжаттар тапсырады:

- негізгі орта (жалпы орта), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжат;
- 3×4 көлеміндегі алты фотосурет;
- 086-У нысаны бойынша медициналық анықтама флюорография нәтижесімен қоса;
- 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманың көшірмесі (егу картасы мен денсаулық паспорты);
- Ұлттық бірыңғай немесе Кешенді тестілеудің сертификаты;
- Мемлекеттік білім беру грантын беру туралы куәлік (бар болған жағдайда);
- әскерге шақыру куәлігінің көшірмесі;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- талапкердің анкетасы (Университет сайтында талапкер өзі толтырады);
- IELTS немесе TOEFL тест сертификатының көшірмесі (бар болған жағдайда).

5.2 Білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған тұлғалар куәлікте көрсетілген жоғары оқу орнына қабылдау туралы өтініш береді және Университет Ректорының бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады. Шығармашылық мамандықтар бойынша білім беру грантын тағайындау туралы куәлік иегерлері өздері арнайы (шығармашылық) емтихан тапсырған жоғары оқу орындарына қабылданады.

5.3 Жалпы орта білім беру ұйымдарының түлектері ағымдағы жылғы ҰБТ-дан өткен, кешенді тестілеуге қатысушылар, тестілеу нәтижелері бойынша кемінде 140-тан 85 баллдан кем емес, оның ішінде міндетті пәндер бойынша (математикалық сауаттылығы, оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы) кемінде 60-тан 40 баллдан кем емес, бірақ әрбір пән бойынша 10 баллдан кем алмағандар ақылы оқуға қабылданады.

5.4 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар (колледж) тұлғалар ақылы негізде қысқартылған мерзім бойынша (3 жыл) ҚР БЖҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптері мен мамандықтарының жіктеуіштеріне сәйкес ұқсас мамандықтарға оқуға қабылдау кешенді тестілеу нәтижелері бойынша 70 баллдан 45 балл, оның ішінде бейіндік пән бойынша 50 баллдан 35 балл алған жағдайда жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, жоғары білімі бар тұлғаларды жоғары оқу орындарына ақылы негізде қысқартылған мерзімге (2 жыл) оқуға қабылдауды ҚазҰТЗУ емтихандық комиссиясының әңгімелесу қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

5.5 Оқуға түсушілер оқыту нысанына қарамастан, бір ай мерзім ішінде Университетпен бакалавриат бағдарламасы бойынша білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шартқа отыру тиіс. Оқу ақысы төлек мерзімдері осы келісім-шартта көрсетілген.

5.6 Барлық оқуға түсушілер 2017 жылдың 2 қыркүйегіне дейін тіл меңгеру деңгейін анықтау үшін (IELTS немесе TOEFL сертификат иегерлерінен басқалары үшін ағылшын, орыс мектептерін бітіргендер үшін қазақ тілі, қазақ мектептерін бітіргендер үшін орыс тілі бойынша электрондық тестілеуден өтуі тиіс).

5.7 Екінші деңгейдегі банктерден білім беру кредитін рәсімдеген жағдайда оқуға түсуші студенттер қатарына банктен құжаттары қарастырылып жатқандығы туралы тиісті құжат ұсынған жағдайда қабылданады. Бұл ретте білім беру кредитін рәсімдеу кезеңінде келісім-шартта белгіленген тиесілі соманы төлеу мерзімі ұзарту ұсынылады және ол анықтама алған күннен бастап төрт аптадан аспайтын мерзім болып саналады.

5.8 Шет тілінде берілген құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білімі туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен оқуға қабылданғаннан кейін бірінші семестр ішінде нострификатталуы тиіс.

5.9 Оқуға қабылдауды өткізгеннен кейін Университеттің қабылдау комиссиясы он күн мерзім ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу, студенттерді қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмесін тіркей отырып, сондай-ақ оқудан бас тартқан білім беру гранты иегерлері куәліктерінің түпнұсқалары мен жоғары оқу орнына келмеген тұлғалардың мәліметтерінің (аты-жөні, мамандығы) бойынша қорытынды есеп ұсынады.

5.10 Оқуға қабылдау рәсімінен кейін қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары оқуға қабылданған студенттердің жеке істерін Университет мұрағатына тапсыру үшін рәсімдейді. Жеке істерге студенттің құжаттардың түпнұсқасы (аттестат немесе диплом, ҰБТ немесе КТ

сертификаты, грант туралы куәлік болған жағдайда, 086-у нысаны бойынша медициналық анықтама) Тіркеуші кеңсесінің талаптарына сәйкес тігіледі.

5.11 Ресімделгеннен кейін Тіркеуші кеңсесінің кестесіне сәйкес техникалық хатшылар студенттердің жеке істерін тапсырады.

5.12 Қабылдау комиссиясының аға техникалық хатшылары мұрағатқа тапсырғанға дейінгі мерзімінде оқуға қабылданған студенттердің жеке істердің сақталуына жауапты болады.

5.13 Осы ережеде қарастырылмаған мәселелер ҚазҰТЗУ қабылдау комиссиясымен дербес шешіледі және хаттамамен ресімделеді.

Қосымша 1. Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ)

Ұлттық бірыңғай тестілеу - жоғары оқу орындарына түсу үшін іріктеу емтиханының бірі.

ҰБТ - ағымдағы жылдың мектеп бітірушілері үшін.

Өткізу түрі: тестілеу.

Өткізу орны: тестілеуді өткізу пункттері.

Өткізу мерзімі: Өтініштерді қабылдау: 10.03-10.05.2017

Тестілеу: 20.06 - 01.07. 2017

Апелляция: қарастырылған.

Бақылаушы: Министрлігінің өкілдері

ҰБТ форматы: 5 пән (3 міндетті + 2 таңдау бойынша).

Барлық тестік тапсырмалар - 120.

Тестілеудің жалпы уақыты: 3 сағат 30 минут (210 минут).

	Тестілеу пәндері	Тапсырмалар саны	Тапсырма түрлері	Бағалау түрлері
1 блок	Математикалық сауаттылық	20	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
	Оқу сауаттылығы	20 (4 мәтін)	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
	Қазақстан Тарихы	20	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
2 блок	1 бейіндік пән	20	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
		10	Көптеген ұсынылған жауаптардың ішінен бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау	Толық дұрыс жауап таңдау = 2 балл, 1 қате (1 дұрыс жауап табылмаса немесе 1 дұрыс емес жауап таңдалса) = 1 балл, 2 немесе одан да көп қателер = 0 балл
	2 бейіндік пән	20	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
		10	Көптеген ұсынылған жауаптардың ішінен бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау	Толық дұрыс жауап таңдау = 2 балл, 1 қате (1 дұрыс жауап табылмаса немесе 1 дұрыс емес жауап таңдалса) = 1 балл, 2 немесе одан да көп қателер = 0 балл

Максималды балл: 140.

Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-ға түсу үшін өту балы: 85 балл, бұл ретте 1 блокта кемінде 40 балл және әрбір пән бойынша кемінде 10 балл.

Бейінді пәндер ЖОО-да тандалған мамандықпен сәйкес тандалады.

Өтпелі балл жетіспеген жағдайда, ақылы негізде түсу үшін тестілеу (тамыз, 2017) қайта тапсыру көзделген.

2-қосымша. Талапкерлерді кешенді тестілеу (ТКТ және ТКТ(ТжКБ))

1 ТКТ - өткен жылдардың мектеп түлектері мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдардың түлектері үшін.

Өткізу түрі: тестілеу.

Өткізу орны: базалық жоғары оқу орындары.

Өткізу мерзімі: Өтініштерді қабылдау - 01.06-20.06.2017

Тестілеу - 17.07-23.07.2017

Бақылаушы: Министрлігінің өкілдері.

Апелляция: қарастырылған.

ТКТ форматы: 5 пән (3 міндетті + 2 таңдау бойынша).

Барлық тестік тапсырмалар - 120.

Тестілеудің жалпы уақыты: 3 сағат 30 минут (210 минут).

	Тестілеу пәндері	Тапсырмалар саны	Нысанды түрлері	Бағалау түрлері
1 блок	Математикалық сауаттылық	20	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
	Оқу сауаттылығы	20 (4 мәтін)	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
	Қазақстан тарихы	20	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
2 блок	1 бейіндік пән	20	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
		10	Көптеген ұсынылған жауаптардың ішінен бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау	Толық дұрыс жауап таңдау = 2 балл, 1 қате (1 дұрыс жауап табылмаса немесе 1 дұрыс емес жауап таңдалса) = 1 балл, 2 немесе одан да көп қате = 0 балл
	2 бейіндік пән	20	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
		10	Көптеген ұсынылған жауаптардың ішінен бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау	Толық дұрыс жауап таңдау = 2 балл, 1 қате (1 дұрыс жауап табылмаса немесе 1 дұрыс емес жауап таңдалса) = 1 балл, 2 немесе одан да көп қате = 0 балл

Максималды балл: 140.

Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-ға түсу үшін өту балы: 85 балл, бұл ретте 1 блокта кемінде 40 балл және әрбір пән бойынша кемінде 10 балл.

ЖОО-да сәйкес таңдалған мамандықпен бейінді пәндер сәйкес таңдалады.

Өтпелі балл жетіспеген жағдайда, ақылы негізде түсу үшін тестілеу (тамыз, 2017) қайта тапсыру көзделген.

2 ТКТ (ТжКБ) - колледж түлектері үшін, өз мамандығы бойынша күндізгі және сырттай қысқартылған оқу нысаны ЖОО-ға түсетін бейіні.

Өткізу түрі: тестілеу.

Өткізу орны: базалық жоғары оқу орындары.

Өткізу мерзімі: Өтініштерді қабылдау - 01.06-20.06.2017

Тестілеу - 17.07-23.07.2017

Бақылаушы: Министрлігінің өкілдері.

Апелляция: қарастырылған.

ТКТ форматы (ТжКБ): 2 пән.

Барлық тестік тапсырмалар - 60.

Тестілеудің жалпы уақыты - 1сағат 40 минут (100 минут).

Пәндер	Тапсырмалар саны	Тапсырма түрлері	Бағалау түрлері
Жалпы профильды пән	20	Ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау	1 дұрыс жауап = 1 балл
Профильдық пән	40	Ұсынылған бес профильды жауаптың ішінен бір дұрыс жауабын таңдау (20)	1 дұрыс жауап = 1 балл
		Көптеген ұсынылған жауаптардың ішінен бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау (10)	Толық дұрыс жауап таңдау = 2 балл, 1 қате (1 дұрыс жауап табылмаса немесе 1 дұрыс емес жауап таңдалса) = 1 балл, 2 немесе одан да көп қателер = 0 балл
		ситуациялық тапсырмалар (10)	1 дұрыс жауап = 1 балл

Максималды балл: 70.

Қ. Сәтбаев атындағы ҚАЗҰТЗУ-ға түсу үшін өту баллы: 45 балл, бұл ретте профилді пәнге кемінде 35 балл болу керек.

Өтпелі балл жетіспеген жағдайда (2017 тамыз) қайта тестілеу тапсыру көзделген ақылы негізде түсу үшін.

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі, күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Аты-жөні, қолы, лауазымы